

**Қазақстан Республикасында Орман экологиялық жүйесі мониторингін жүргізудің құрылымы, мазмұны және тәртібі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 қазан 1993 ж. N 1030. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.17. N 188 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы" 1993 жылғы 23 қаңтардағы N 1925-ХІІ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында орман экологиялық жүйесі мониторингін жүргізудің құрылымы, мазмұны және тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Орман экологиялық жүйесі мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарды орман шаруашылығын басқарудың мемлекеттік органдары жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі орман шаруашылығын жүргізуге бөлген қаражат шегіндегі республикалық бюджеттің есебінен қаржыландырылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитеті:

орман қорының жай-күйіндегі өзгерістерді дер кезінде анықтау, оларды бағалау, орманға антропогендік және басқа экологиялық факторлардың қолайсыз әсер етуінің алдын алу және оның салдарын жою үшін орман экологиялық жүйесінің мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға 1994 жылдан бастап кірісетін болсын;

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісе отырып, орман экологиялық жүйесі мониторингі бойынша статистикалық есеп берудің нысандарын айқындасын.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма, Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, айналадағы ортаның мониторингімен шұғылданатын басқа да министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар орман экологиялық жүйесі мониторингін жүргізуге қажетті ақпаратты Орман экологиялық жүйесі мониторингінің республикалық орталығына қайтарып алынбайтын негізде береді деп белгіленсін.

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 19 қазандағы  
№ 1030 қаулысымен  
Бекітілген

**Қазақстан Республикасында орман экологиялық жүйесі  
мониторингін жүргізудің құрылымы, мазмұны және  
тәртібі туралы**

**ЕРЕЖЕ**

1. Орман мониторингі дегеніміз ормандарды ұдайы кешенді байқау, бағалау, бақылау және олардың жай-күйін болжау жүйесі болып табылады. Бұл жұмыс орман қоры жөнінде ұдайы жаңарып отыратын ақпарат алу үшін жүргізіледі, соның негізінде орман ресурстарын көп жақты мақсатта пайдалану жөнінде шешім қабылданады, табиғи және антропогендік факторлар әсерінен орман экологиялық жүйесі жай-күйінің өзгеру болжамы беріледі.

2. Орман экологиялық жүйесі мониторингі қызметін Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқару мемлекеттік органы құрады, ол Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің орман шаруашылығын жүргізуге бөлінген қаражаты шегінде республикалық бюджеттің есебінен қаржыландырылады. Орман экологиялық жүйесінің мониторинг қызметі Орман экологиялық жүйесінің республикалық мониторинг орталығын және мониторингтің аймақтық орталықтар жүйесін қамтиды.

3. Орман экологиялық жүйесінің республикалық мониторинг орталығы:  
орман қоры туралы статистикалық және картографиялық деректер түзеді  
және жүргізеді;

аэроғарыштық және жер бетіндегі ақпаратты өңдеуге, орман қоры картасын жасауға, деректер банксінің белгілі бір бөлігінің маңызын арттыруға, статистикалық есеп берудің белгіленген нысандарын беруге арналған бағдарламаны әзірлейді, иеленеді;

ормандарды өрттен сақтау, шыбын-шіркей зиянкестерден қорғау, ормандардың өнеркәсіптің ластауынан болатын бүлінуін байқау, сирек кездесетін және жойыла бастаған орман өсімдіктерінің жай-күйі мен саны жөніндегі ақпаратты жинаумен, өңдеумен, талдаумен және оны берумен шұғылданады;

орманды пайдалану және ормандарды қалпына келтіру тәртібін бақылауды, антропогендік ықпалынан және басқа факторлардан орман қорының ағымдағы өзгерістерін есептеуді жүзеге асырады, орман қоры туралы дерек банкіндегі

картографиялық және статистикалық ақпараттың маңызын арттыру үшін тәжірибелер жүргізуді жоспарлайды;

аймақтық орталықтарды орман экологиялық жүйесінің аймақтық мониторингін жүргізу үшін қажетті аэроғарыштық, метеорологиялық және басқа ақпаратпен жабдықтайды.

4. Орман экологиялық жүйесінің аймақтық мониторинг орталықтары жекелеген аймақ немесе аумақ шегіндегі мониторингін жүзеге асырады және ұйымдық жағынан Орман жүйесі мониторингінің республикалық орталығының құрамына енеді. Қажет жағдайда бұлар улағыш заттардың көзі болып табылатын кәсіпорындар орналасқан аудандарда, сондай-ақ басқа да антропогендік қолайсыз факторлар әсер ететін жерлерде ормандарды жергілікті мониторингтеу жөнінде жұмыстар жүргізеді.

Аймақтық орталықтардың орман шаруашылық кәсіпорындар мен орман қорғау қызметі қызметкерлері бірлесе жұмыс істейтін өзінің ақпаратты өңдеу орталықтары мен жинаушы топтары бар. Олар талдап қорытқан ақпараттар одан әрі жинақтап, талдау үшін оқтын-оқтын Орман экологиялық жүйесі мониторингінің республикалық орталығына жіберіліп отырады.

5. Орман экологиялық жүйесі мониторингін жүргізудің тәртібі:

а/ ауаның, топырақтың, судың ластануы туралы метеомәлімет, ақпарат, ормандарды жер бетінде зерттеудің нәтижелерін орман қоры шекарасындағы өзгерістердің мәліметін, аэроғарыштық ақпаратты және басқаларды алуды;

б/ аэроғарыштық суреттерді өңдеуді, талдауды, алынған ақпаратты статистикалық және картографиялық ақпарат банкінің деректерімен салыстыруды, орман қорында болған өзгерістерді айқындауды;

в/ шаруашылық қызметі мен табиғи күйзеліске ұшырамаған бөліктердегі деректердің маңызын арттыруды;

г/ бөліктік және картографиялық деректер банкіне өзгерістер енгізуді;

д/ орын алған өзгерістерді ескере отырып, орман қорының статистикалық көрсеткіштерін қайта есептеуді;

е/ түрлі тақырыпта орман карталарын жасауды;

ж/ орман қорындағы өзгерістерді талдау мен болжалауды, сондай-ақ әр түрлі факторлар ықпалынан болған зиянды ең аз мөлшерге жеткізу жөніндегі шаралар әзірледі кездейді.

Байқаудың мерзімділігі нұсқаулар мен әдістемелік нұсқамаларға сәйкес алынған ақпарат түріне байланысты белгіленеді.

6. Ормандар мониторингін жүргізу кезінде орман экологиялық жүйесіне өрттің, энтомозиянкестердің, техногендік ластаудың, орман шаруашылық және басқа кәсіпорындар қызметінің, сондай-ақ басқа да антропогендік факторлардың әсерін байқаудың жер бетіндегі және ара қашықтық тәсілдері пайдаланылады.

Жер бетіндегі зерттеулер тұрақты және уақытша сынау алаңдарында / полигондарда/ орман орналастыру ұйымдарының, орманды сақтау және қорғау қызметтерінің, саланың жобалау және ғылыми ұйымдарының ақпараттарын кеңінен қатыстыра отырып жүргізіледі. Неғұрлым тиімді жұмыс үшін ауа ортасының, топырақ пен қардың түрлі заттармен ластануының деңгейі туралы метеорологиялық деректер мен ақпараттар беріледі. Қосымша ақпарат ретінде топографиялық-геодезиялық материалдар /соның ішінде жергілікті жердің цифрлық үлгісі/, табиғи экономикалық жағдай мен шаруашылық қызмет туралы басқа да материалдар пайдаланылады.

Байқаудың ара қашықтық әдістері суретке түсірудің, түрлі шешімдегі көп спектрлі сканерлік, жылу инфрақызыл және радиолокациялық түсірудің, аэроғарыштық құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылады. Күллі ақпарат республикалық және аймақтық есептеу орталықтарына келіп түседі, мұнда олар өңделіп, жүйеге келтірілген соң деректердің екшелген банкі мен картографиялық деректер банкі қалыптастырылады және жаңартылады. Осы мәліметтер негізінде Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органы бекіткен әдістеме бойынша түрлі масштабтағы тақырыптық орман карталары жасалады.

Орман экологиялық жүйесі мониторингін жүргізуді қамтамасыз ету үшін айналадағы табиғи орта мониторингінің басқа төменгі жүйелері қажетті материалдарды /метеорологиялық көрсеткіштер, ауаның, топырақтың, судың, қардың ластануы туралы ақпараттар, топырақты зерттеудің нәтижелері, аэроғарыш суреттері/ тиісті ведомстволар мен қызметтер белгілеген тәртіппен орман экологиялық жүйесі мониторингінің республикалық орталығына тапсырады.

7. Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органы ормандар мониторингін жүргізу үшін:

ормандардың жай-күйін байқау үшін топырақтық, геоботаникалық, орман патологиялық, ормантану және басқа тексеру мен іздестіру жөніндегі жұмысты жүргізуді ұйымдастырады;

аэроғарыштық және метеорологиялық ақпаратты, айналадағы ортаның ластануы туралы деректерді алуды ұйымдастырады;

есептеу орталықтарына келіп түскен ақпаратты өңдеуді, орман қорын картаға түсіруді және ормандарға абиотикалық, биотикалық және антропогендік факторлардың қолайсыз әсерін кеміту үшін шаралар әзірлеуді ұйымдастырады;

мүдделі министрліктердің және ведомстволардың қатысуымен орман қорын жер бетіндегі және ара қашықтықтағы әдістермен зерттеу, оны картаға түсіру, ормандар мониторингін жүргізу үшін банк деректерін жасау және жүргізу, тақырыптық орман карталарын жасау жөніндегі әдістемелік нұсқамалар мен

нұсқауларды әзірлейді және бекітеді;

ұзақ мерзімді жедел ақпарат пен тақырыптық карталарға деген сұранысты және қажеттілікті жүйелі зерделеуді, орман қорының жай-күйін бағалауды, бұған халық шаруашылығы мен табиғат қорғау сұранымына сәйкес деректерді енгізуді жүзеге асырады;

орман қоры туралы статистикалық және картографиялық ақпаратты жүйелеуді, зерделеуді және сақтауды, сондай-ақ жариялауға жататын материалдарды басып шығару мен орман экологиялық жүйесі мониторингін жүргізу жөніндегі жұмысты қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

8. Ормандар мониторингі құжаттарының нысандары мыналар болып табылады:

орман қоры жай-күйін тақырыптық карталары, оны орман иелері, алаңдар, жыныстар, орман түрлері және басқалар бойынша бөлу;

орман қорының түгелділігі, жай-күйі мен бағалануы туралы жазбаша және статистикалық материалдар.

9. Орман экологиялық жүйесі мониторингінің материалдары мыналарға беріледі:

ормандарға түрлі экологиялық факторлардың әсерінен келген зиянды болдырмау және азайту жөніндегі ұсыныстар әзірлеп, шешімдер қабылдау үшін - мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен - кәсіпорындарға, ұйымдарға және азаматтарға.